



**Автор:** Жунисова Улжан Масакбаевна  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 3-сынып  
**Бөлім:** Сәулет  
**Тақырып:** "Ханшатыр"-ерекше ғимарат.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.1.1 мәтінді мәнерлеп ,шолып ( танысу мақсатында) оқу; 3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру.
Сабақтың мақсаты:	Мәтінді оқып,ақпараттардың дұрыс -бұрыстығын анықтайды.Тірек сөздерге сүйеніп,ғимараттарды сипаттап айтады.Ғимарат туралы диалог құрастырады.
Тілдік мақсаттар:	Бәйтерек .Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі.
Күтілетін нәтиже:	Тақырыпқа қатысты ақпарат алады.Мәтінді мәнерлеп оқып, шолу жасайды.Сұхбаттасын түсінеді,ойын еркін жеткізеді.
Бағалау критерийлері:	Жаңа сөздердің айтылуын (дыбысталуын)сақтап,оқыған мәтіннің мазмұны бойынша диалог құрастырады.
Құндылықтарды дарыту:	Топтық жұмыстар барысында өзгелерге құрмет құндылығын сақтау.Интеллектуалды құндылық тапсырмаларды орындау барысында жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint таныстырылымы.
Пәнаралық байланыс:	Дүние тану.Орыс тілі.
Бастапқы білім:	Бұл қандай ғимарат.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин.)	Психологиялық ахуал туғызу. "Көңіл күйді анықтау" тренингі.Оқушылар өз көңіл-күйін сипаттайтын сурет (смайликтер) салады .Ой қозғау .Сұрақ-жауап. Өткен сабақты қортындылау мақсатында. Суретке қараңдар. "Астана-әсем қала" видеоролик көрсету.Балалар алған әсерімен бөліседі. Сұрақтар . Тақырыпты жариялау. Суреттер арқылы топқа бөлу.	A4 парағы. Слайд. Суреттер.
Сабақтың ортасы (20 мин.)	Слйдан әріптер көрсетіледі. Оқушылар тақырыпқа байланысты сөздер айтады. Мысалы:А-.....,Х-.....,Б-....,М-.....т.б. "Бәйтерек" монументі-Астана қаласының символы. Үш топқа тапсырма беріледі . "Астана", "Ханшатыр", "Бәйтерек" Суреттерін салып ,постер қорғайды. Оқулықпен жұмыс. Мәтінді оқып ,ақпаратты тексеріңдер. 1-тапсырма. Бағалау"Бас бармақ "әдісі арқылы жүргізіледі. Жұптық жұмыс. "Ханшатыр" сөзіне сөзжұмбақ құрастыру.(МК). Айтылым. Топтық жұмыс. Тірек сөздерге сүйеніп,ғимараттар туралы айтыңдар."Жұптас.Ойлан.Пікірлес." стратегиясы. 1-топ ."Ханшатыр". 2-топ. "бәйтерек". Әр топтан бір оқушы шығады. Бағалау"Шапалақ" әдісі арқылы жүргізіледі. Сергіту сәті. "Мен әдепті сөйлеймін." Әр оқушы өз ойымен бөліседі. 3-тапсырма Жазылым.Диалог құрастыру.	Слайд-2 A4.
Сабақтың соңы (5-мин.)	Сабақты қортындылау мақсатында айтылым "Коллаж" әдісі .Мәтін мазмұнына сәйкес суреттерді орналастыр. Үш топ бір -біріне сұрақтар дайындайды. (4-сұрақ) Қ/б тапсырмасы таратылады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (5-мин.)	"Бес саусақ" тәсілі. Оқушылар өздерінің сабақ барысында атқарған іс-әрекеттеріне баға беру арқылы сұрақтарға жауап жазады. Әдіс формасы таратылады.	